



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

SARYSU



27/12/2025 СЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz

sarysu_02@bk.ru

№101 (8963)

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жамбыл облысына жұмыс сапары «Әмір және Д» жауапкершілігі шектүлі серіктестігінің қызметімен танысудан басталды.

Кәсіпорын медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар өндіреді.

Президентке медициналық препараттар мен дайын өнім түрлерін шығаратын негізгі цехтың жұмысы көрсетілді.

«Әмір және Д» ЖШС-і әлеуметтік маңызы бар ауруларды диагностикалауға арналған жедел тестілердің көптеген түрін шығарады. Бұл өнімдер В және С гепатиті, ВИЧ-инфекциясын, миокард талмасын, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттарды анықтай алады.

Кәсіпорынға тиесілі медициналық бұйымдардың 200-ден аса атаулы түрі бар. Бүгінде серіктестікте 94 қызметкер еңбек етеді.

Мемлекет басшысына «Super-pharm» фармацевтикалық компаниясының жұмысы туралы ақпарат берілді.

Бұл – елімізде медициналық бұйымдар өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі. Зауытта 600-ден аса еңбеккер жұмыс істейді.

Компания отандық нарықтағы бір реттік қолдануға арналған медициналық бұйымдарға сұраныстың 30 пайызын қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, кәсіпорын түрлі операциялар үшін

тынайтықштар өндіру және «YONGGANG CENTRAL ASIA IRON and STEEL» компаниясы салып жатқан металлургия зауыты жобалары бар.

Сондай-ақ Жаңатас қаласындағы «ЕвроХим-Қаратау» ауқымды инвестициялық жобасының аралық қорытындысы ұсынылды. Қазір күкірт қышқылын өндіретін жаңа зауытты іске қосу алдындағы тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы өнім ішкі нарыққа жөнелтілді.

Алдағы уақытта пайдалануға берілетін «Shengtai Biotech Co.Ltd» жүгері өңдеу зауыты жөнінде де баяндалды. Шу ауданындағы бұл жобаға 1,5 миллиард доллар инвестиция салынған. Сонымен бірге Байзақ ауданындағы «Zhongkai Kazakhstan International Company» кант зауыты құрылысы жайында мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, «KAZ FMWORLD AGRICULTURAL MACHINERY» компаниясының индустриалдық аймақта шығарылатын ауылшаруашылық техникалары көрсетілді.

ПРЕЗИДЕНТ «DALA GLASS» ӘЙНЕК ӨНДІРЕТІН КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Зауыт биыл жазда іске қосылған. Жобаға салынған инвестиция 1 миллиард теңгені құрайды.

Жылына 500 мың шаршы метр әйнек шығару жоспарланып отыр. Бүгінде аталған нысанда 50 адам жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегіне табыс тіледі.



«ӘУЛИЕАТА – КІТАП ОҚИТЫН ӨНІР» ЖОБАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШАРАСЫ ӨТТІ



Өңір тұрғындарының кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, келешек ұрпақты дәстүрлі түрде кітап оқуға шақыру мақсатында қолға алынған «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасының ресми ашылуында аймақ басшысы Ербол Қарашөкеев «Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымыз бен бірегейлігімізді сақтау – аса маңызды. Жастарды кітап оқуға баулып, рухани тәрбиені ұлттық негізде дамыту – біздің басты мақсатымыз. Кітап – адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани байытатын ең құнды құрал, оны ешбір ақпарат көзі алмастыра алмайды», – деп атап өткен болатын. Жыл бойы жүзеге асқан бұл бастама - аудан тұрғындарының кітапқа, білім мен өнерге деген сүйіспеншілігін арттырды.

Осыған орай аудандық мәдениет үйінде «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасының қорытынды шарасы өтті. Мәдениет үйінің кіреберісінде аудандық орталық кітапханалар жүйесінің қызметкерлері кітап көрмесін ұйымдастырды.

Салтанатты кешке қатысқан аудан әкімі Сәкен Мамытов құттықтау сөз сөйлеп, аталмыш жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Біз бүгін облыс әкімі Ербол Шырақпайұлының бастамасымен іске асқан «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында қорытынды шарада бас қосып отырмыз. Бүгінгі жаһандық дәуір - оқығанын көкейіне токи білген көзі ашық жандардың заманы десем артық айтқандық емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әдебиет – ойымыздың тереңдігі мен рухымыздың асқақтығын айғақтайтын ұлы қазына» деп бекер айтпағаны белгілі. Бұл ретте Президентіміз Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 4-отырысында: «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес.

Бүкіл әлемдегі кітапханалар - білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды. Бұл ретте осы саладағы заманауи үрдістерді ескергеніміз жөн. Мысалы, мен Алматы қаласындағы кітапханаларды жаңғыртуға арналған осындай ұтымды жобалар бар екенін білемін», – деген болатын.

Бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері оқырмандар санын арттыруда белсенді жұмыс жасауда. Ауданда 26 кітапхана мен 21 цифрландырылған орталық бар. Кітапханалар жүйесінде 117 қызметкер жұмыс істейді. Сондай-ақ, көзі көрмейтін заңи жандардың кітап қорын өз игіліктеріне пайдалану үшін «Зағип және көзі әлсіз көретін азаматтарға» арналған, сонымен қатар кітапхана жұмыстарын автоматтандыру, оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорын өңдеу және толықтыру, ақпараттық – библиография, кітапхана ісін дамыту бөлімдері жұмыс атқарады. Сарысу аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі есептік кезеңде 1300 - ге жуық іс-шара өткізіп, 14 мыңнан аса адам қамтылды. Кітапхана жүйесі мүмкіндігі шектүлі немесе егде жастағы кітапхана пайдаланушыларына «Жылжымалы кітапхана» арқылы кітапхана қорларына қолжетімділікті қамтамасыз етуде. Мысалы «Мен әлемді жүрегіммен танимын», «Қайырымды жүрек-жомарт көл», «Бәрі де сіздер үшін», «Шапағатымыз сіздер үшін» тақырыптарында дауыстап оқуларды жылжымалы кітапханалар өткізеді. Бұл кітап оқимын деген кез келген жан үшін үлкен мүмкіндік.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

БАСЫЛЫМ - 2026

ЖАЗЫЛЫМ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН ҚАЛДЫ...



АУДАНЫМЫЗДЫҢ ТӨЛБАСЫЛЫМЫ «SARYSU» ГАЗЕТІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛЫМ ЖАЛҒАСУДА. ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІҢ АРАСЫНА ДӨНЕКЕР БОЛЫП ЖҮРГЕН ТАРИХЫ ТАМЫРЛЫ ГАЗЕТ-КЕ ЖАЗЫЛУДЫ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ ДЕП САНАЙТЫН ТҮРҒЫНДАРМЕН ҚАТАР, МЕКЕМЕ, БӨЛІМ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫП ЖАТЫР.

БҮГІНДЕ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН «SARYSU» ГАЗЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС КӨЛЕМІН ӨЗ ДЕНГЕЙІНДЕ ОРЫНДАП КЕЛЕДІ. ДЕЙТҮРҒАНМЕН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАТАРЫНЫҢ АЗАЙЫП БАРА ЖАТҚАНЫ БІЗДІ АЛАҢДАТПАЙ ҚОЙМАЙДЫ. ӨНІРДЕ ҚАНШАМА МЕКЕМЕ-КӘСІПОРЫН, МЕКТЕПТЕР МЕН МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕР, ЖЕКЕЛЕГЕН КОМПАНИЯЛАР БАР. СОНЫҢ ӨЗІНДЕ ТАРАЛЫМ САНЫ ӨСЕР ЕМЕС. БІЗ ОҚЫРМАННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚИЫНДЫҚ ТУМАСЫН ДЕП ЖАЗЫЛЫМ БАҒАСЫН

ДА ӨСІРГЕН ЖОҚПЫЗ. НАҚТЫ АЙТҚАНДА АЛТЫ АЙҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ 2510 ТЕНГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАЛЫП ОТЫР. ОНЫҢ 2005 ТЕНГЕСІ ПОШТА ҚЫЗМЕТІНЕ АУДАРЫЛАДЫ. ҚАЛҒАН 505 ТЕНГЕ БАСПАХАНА ШЫҒЫНЫ МЕН ӨНДІРІСТІК ҚАЖЕТТІЛІККЕ ЖҰМСАЛАДЫ. ЯҢНИ, РЕДАКЦИЯ ЖАЗЫЛЫМНАН ТҮСЕТІН АҚШАДАН ТАБЫС ТАУЫП ОТЫРҒАН ЖОҚ, ОСЫ ОРАЙДА АУДАНЫҢ ЖАР ДЕГЕНДЕ ЖАЛҒЫЗ БАСЫЛЫМДЫҢ САҚТАП ҚАЛУҒА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТСАНЫЗДАР ДЕЙМІЗ. БІЗ МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ, ТҮРАҚТЫ АВТОРЛАРДЫҢ, ОҚЫРМАН ҚАУЫМЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН МАЗМУҢДЫ ДА САПАЛЫ ГАЗЕТ ШЫҒАРУҒА БАР КҮШІМІЗДІ САЛАМЫЗ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА «SARYSU» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ТОКСАН ЖЫЛҒА ЖҮЫҚ ТАРИХЫ БАР, УАҚЫТ ТЫНЫСЫН ТАП БАСЫП, ӨЗІНДІК ОРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН, ӨНІР РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛҒАН РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ СІЗДЕРДЕН ҚОЛДАУ КҮТЕДІ. ЛАЙЫМ, ТӨЛБАСЫЛЫМ ТӨРІНІЗДЕН ТАБЫЛСЫН!

АУДАНЫҚ «SARYSU» ГАЗЕТІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛЫМ АУДАНЫҚ ПОШТА БАЙЛАНЫС ТОРАБЫНДА ЖҮРТЗІЛЕТІННІН ЕСТЕРІНІЗГЕ САЛАМЫЗ. ЖАРТЫЖЫЛҒА ЖАЗЫЛЫМ БАҒАСЫ: 2510 ТЕНГЕ, ГАЗЕТ ИНДЕКСІ 65301



хирургиялық және процедуралық жиынтықтарды, медициналық бетперденің барлық түрін, біртүрлі қорғаныш киімін, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдарды өндіреді. Сонымен қатар медициналық шприцтер, инфузионды және қанды қайта құюға арналған система құралдары, басқа да өнімдер дайындалады.

Президент отандық фармацевтика индустриясының дамуы импортқа тәуелділікті төмендетіп, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда маңызды екенін атап өтті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАРАЗ» ШАҒЫН ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҒЫН АРАЛАП КӨРДІ

Президентке Жамбыл облысына инвестиция тарту және агроөнеркәсіп кешенін дамыту жобалары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономиканы индустриаландыру, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егiс алқаптарын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, инвестициялық пул туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері өңірге 599,2 миллиард тенге инвестиция тартылған, өсім 33 пайызды құраған. Соңғы екі жылда облыста жалпы құны 242 миллиард тенге болатын 56 инвестициялық жоба іске асырылған.

Мемлекет басшысына облыстағы жетекші кәсіпорындардың жобалары көрсетілді. Олардың қатарында «Қазфосфат» серіктестігінің минералды

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТАРАЗДАҒЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ӘСКЕРИ МЕКТЕП- ИНТЕРНАТҚА БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына жұмыс сапары аясында мамандандырылған әскери мектеп-интернатының қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы оқу кабинеттері мен спорт залын аралап көрді.

Президентке мекемеде 180 бала білім алып, интернатта тұратыны жөнінде баяндалды.

Мектеп жас өскіндерге білім беріп, тегін тамақтандырады әрі тұрғынжаймен қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы 7-11 сыныптарға арналған.

Білім ошағының негізгі мақсаты – келешектегі Отан қорғаушыларды даярлау, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру. Әскери интернатта курсанттар сабақтан тыс уақытта роботты техника, дроны басқару, жасанды интеллект үйірмелеріне қатысады.

Болашақ әскери қызметшілерге ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев оқушылармен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан әскери білім беру жүйесін дамытуға ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысы білім ошағына Бауыржан Момышұлының портретін және елімізде құрастырылған мектеп автобусын сыйға тартты.

AKORDA.KZ

АУДАНДА

БАСТЫ МІНДЕТ



Апта басында аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Сәкен Мамытовтың төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті.

Комиссия отырысында Сарысу аудандық жергілікті полиция бөлімінің басшысы Қ. Ғалымжанұлы "Әкімшілік айыппұлдар салу, өндірудің жағдайы және қылмыстық істерді электронды нысанда жүргізуді қамтамасыз ету шаралары туралы" баяндама жасады.

Одан кейін аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ү. Сәлімованың "ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес бекітілген «Әр түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған аппараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының» орындалуы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар" туралы есебі тыңдалды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша "Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін және лудомания профилактикасын алдын алу туралы" аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің директоры М. Прімбек жыл ішінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Комиссия отырысында құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2026 жылға арналған жұмыс жоспары және шығарылатын мәселелер тізімі бекітілді. Аудан басшысы баяндамашыларға құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жандандыру туралы тиісті тапсырмалар жүктелді.

МАРАПАТ

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Молдабеков энергетиктерді қабылдады.

Кездесу барысында Нұрлан Онғарбекұлы сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап: «Энергетика – ел экономикасының күретаымы, халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі. Қандай ауа райында болмасын, тәулік бойы тынымсыз еңбек етіп, жарық, су және жылудың үздіксіз берілуін қамтамасыз етіп келе жатқан сіздердің еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Аудан басшылығы тарапынан бұл салаға әрдайым қолдау көрсетіледі, - деді.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі А. Қасымбеков, аудандық электр жүйесін тарату мекемесінің басшысы А. Орынбеков пен «Жанатас-Су-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры А.Абилов те ізгі тілектерін жолдады.

Кездесу барысында ауданымыздың экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін бірқатар сала мамандарына "Ауданға сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісі, Жамбыл облысы әкімінің, аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттары тапсырылды.



КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Азаматтық қоғам – кез келген демократиялық мемлекеттің негізі». Үкіметтік емес ұйымдар – халық пен билік арасындағы тиімді диалогты қалыптастыратын маңызды серіктес. Біздің мақсат – ҮЕҰ қызметін одан әрі дамытуға жағдай жасап, өзара сенім мен әріптестікті нығайту. Бірлескен жұмыс арқылы ауданымыздың әлеуметтік мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік бар.

Осы орайда аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Молдабековтың төрағалығымен аудандағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі Қуаныш Қияшов "2025 жылы әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылған іс-шаралардың мазмұны мен нәтижелері туралы" туралы хабарлама жасады.

Одан кейін «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Шарапат Сүйікмұлдың "Жобаның қорытындысы мен нәтижелері туралы" есебі тыңдалды.

Жиында көтерілген барлық мәселелер қаралып, қатысушылар алдағы жоспарлар бойынша өзара пікір алмасты.

ЖАҒЫМДЫ ЖАНАЛЫҚ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Апта басында облыс орталығында ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Шараға облыс әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, атқарылған жұмыстарды талқылап, алдағы міндеттер туралы айтты.

Мереке аясында облыс басшысы аудандық ветеринария бөліміне 5 «Нива» және аудандық орман шаруашылығы бөліміне 3 «Хайлюкс» автокөліктерін табыстады.

Сондай-ақ салтанатты шарада аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Ақыбек Оспанов соңғы жылдары салаға көрсетіліп отырған қолдауға тоқталды.

— Соңғы жылдары облыста ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс басшылығына алғысымыз шексіз. Бүгінде Сарысу ауданындағы ветеринарлар толық автокөлікпен қамтылды. Бұл қызмет сапасының артуына зор ықпал ететіні анық, — деді бөлім басшысы. Айта кету керек, көліктер қазіргі заманғы стандарттарға сай келеді. Бейне құрылғылармен және басқа да қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған.

«ӘУЛИЕАТА – КІТАП ОҚИТЫН Өңір» ЖОБАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШАРАСЫ ӨТТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауданымызда 20 мыңға жуық оқырман тұрақты түрде кітап оқиды. «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында жыл басынан бері түрлі форматта 12 іс-шара өткізіліп, 5 кітаптың тұсауы кесілді. Атап айтсақ, Жоғарғы санатты хирург және денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Нью-Йорк Ғылым академиясының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сағындық Ордабековтың 75 жас мерейтойына арналған, оқырманға жол тартқан «Көңіл шуағы, ой толқыны», «Мен сені сүйем, өмір!», «История медицины Жамбылской области» атты жаңа кітаптарының тұсауы кесілді. Әнші, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Амангелді Сембиннің 80 жылдық мерейтойына арналған журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қали Сәрсенбайдың «Қарғаш» атты жүйе оқу-ағарту ісінің ардагері Дина Нақыпованың «Үнін кетпес құлақтан» атты кітаптары оқырмандарға жол тартты. Бұл аталмыш жобаның ауданымызда сәтті жүзеге асуын білдіреді, деп жобаға атсалысқандарға ризашылығын білдірді.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Диханбай Ақділда және Жанаталап орта мектебінің оқушысы, «Тау тұлға, дара тұлға – Бауыр-

жан» облыстық шығармашылық байқауының 1-орын иегері Дайыр Ақмерей де ізгі тілектерін жолдап, жобаның құндылығы туралы тарқата кетті.

Сондай-ақ «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында белсенділік танытып, үлес қосқан үздік оқырмандар мен кітап жанаашырларына құрмет көрсетілді. Атап айтқанда, «Ең үздік оқитын қала» байқауында 1 -орынды Жаңаарық ауылдық округі, 2 -орынды Қамқалы ауылдық округі және 3 -орынды Жанатас қаласы иелініп марапатталды.

Сонымен қатар, «Ең үздік оқитын мектеп» байқауында 1 -орынды М.Әуезов атындағы мектеп - гимназиясы, 2-орынды М.Әуезов атындағы орта мектебі мен Ақтоғай орта мектебі, 3 -орынды Жанаталап орта мектебі мен Д.Қонаев атындағы орта мектебі иеленді.

Бұдан бөлек «Ең үздік оқитын оқырман», «Ең үздік ауылдық кітапхана», «Ең үздік оқитын ұжым» номинациялары бойынша бірқатар оқырмандар мен ұжым лайық деп танылып марапатталды.

Шара концерттік бағдарламаға ұласып, кітапхана қызметкерлері әдеби композиция қойылымын ұсынса, аудандық мәдениет үйінің өншілері әннен шашу шашты. "Айжанкыз" халықтық бишілер ұжымының бii салтанатты шараның көркін кіргізді.

СТАМОТОЛОГИЯЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ



Бүгінде Үкімет тарапынан білім ордаларына жан - жақты көмек көрсетілуде. Бұл сапалы білім алуға деген қажеттілікті толық қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінін басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді», - деген болатын. Осыған орай Жаңатас қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-гимназиясында заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген стоматологиялық кабинет ашылды.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Н.Молдабеков, қалалық алқабиілер кеңесінің төрағасы С.Бегеев, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы С.Қырғызбаевтар ізгі тілегін жолдап, жаңа кабинеттің жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, бұл игі жоба Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі №680 бұйрығына сәйкес, мектеп жасындағы балалар арасында стоматологиялық аурулардың алдын алу шараларын күшейту мақсатында,

1000 және одан жоғары оқушысы бар ұйымдар үшін, 2024-2028 жылдарға «Болашаққа сау тіспен» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Аталған кабинетте профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, алғашқы стоматологиялық көмек көрсетіледі. Жобаның басты мақсаты – оқушылар арасында ауыз қуысының гигиеналық мәдениетін қалыптастыру, стоматологиялық аурулардың деңгейін төмендету және балалардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру.

Мектеп ішінде стоматологиялық кабинеттің болуы – оқушылардың денсаулығын тұрақты бақылауға, профилактикалық тексерулер өткізуге, түсіндіру-оқыту шараларын ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік береді. Бұл – өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын нығайтуға жасалған маңызды қадам.

Стоматологиялық кабинет заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда 1 дәрігер-стоматолог және 1 мед-бике қызмет көрсететін болады.

Бұл кабинет бүлдіршіндеріміздің денсаулығын сақтауға, болашағына жарқын жол ашуға қызмет етеді деп сенеміз.

Бетті дайындаған С. РЫСБЕКҰЛЫ, «SARYSÝ»

АМАНГЕЛДІ ЕСМАХАНОВ

Меншік иесі: “САРЫСУ” ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ” ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ Жанна ЖЕТЕНОВА Директор	Редакция телефондары: Директор: 6-29-21, тілшілер: 6-19-12, E-mail: sarysu_02@bk.ru gazeta-sarysu.kz Таралымы 2200 Тапсырыс № 668	Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді, қолжазба кейін қайтарылмайды. Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз Sarysu газетінде жарияланған материалдарды әлеуметтік желілерде, басқа да басылымдарда көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша келісімі алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады Газет индексі-65301	А-Материалдың жариялану ақысыз төленген Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Қанатты қалам әлемі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылады. Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 36Б. Газет Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2020 жылғы 08 қаңтарда тіркеліп, №KZ04VPY00019163 куәлігі берілген.	Кезекші редактор: СӨУЛЕТ ЕСҚАРА Мекенжайымыз: 080700, Жаңатас қаласы, 1-шағынауданы, 28-үй.
---	---	---	---	---



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ПОЛК КОМАНДИРІНЕ ШОПЫР БОЛҒАН ҚАРИЯ



Қалдыбай інімізді асық атып, доп қуып жүрген бала жасынан танушы едім. Олай дейтінім сол кезде екеуміздің де өке-шешелеріміз Калинин атындағы кеңшарда қой отарларын бағатын. Шопандар қауымы үшін жаз қызығы жайлау еткен ат тұяғы басқан жерден бұлақ көздері бұрқырап қайнайтын, табиғаты ғажап, салқын самалды Көсегеннің көк жоны еді. Тартылған желіге тулатып құлын байлап, сары қымыз сапырмайтын шопан үйі болмайтын. Жаз жайлауда арқаны кенге салған шопандар күн құрғатпай бір үйде бас қосып, бағлан қозының етінен дәм татып, қызыл тобылғының ерекше хош иісіне ысталған сабада ашыған қымызынан құмарта ішіп, арқа-жарқа отырыстар жасаушы еді. Түс ауа, күн көзі еңкейіп, салқын түсе кең даланы дүбірлеткен қазақтың ұлттық көкпар ойыны басталатын. Жүректі де, білекті шабандоз жігіттердің тартқан көкпарларын қызықтап тай, құнанға мінген балалар да жүруші еді. Сол кезде он жасқа тола қоймаған Қалдыбай да тақым басқан таймен шапқылап жүретін. Ол бала кездің өзінде елгезек, ширақ, өте пысық еді. Тайға мініп, түсуі де шапшаң әрі жылдам болатын. Балалар көбінесе қым-қуыт арпалысқа толы додаларды қызықтаушы едік. Көкпаршы ағалар балаларды додаға тақалуға қатаң тиым салатын.

- Аулақтау жүріңдер. Көкпаршылардың ауыздықпен алысқан аттары қағып кетіп, жазым етіп жүрмесін,- деп қамқорлық жасаушы еді.

Онысы рас. Додалы топты жарып шығып, аққан жұлдыздай шапқан аттардың арыны мен екпіні қатты болатын. Жон өлкесінде шопандар үйі иттің үрген дауысы ғана емес, құлашпаң лақтырған тасын жететін жерде жақын қоныстанушы еді. Жазғы қаникул кезі. Жанымыз тыныш, жағамыз бос, рахат. Сабақ сұрап, басты ауыртып, миымызды ашытып жатқан ағай, апайларымыз да жоқ. Сосын ерігіп, зеріккеннен көгалда доп қуып, тақыр жердің шаңын аспанға атып асық ойнаймыз.

Атқан оқтай, шапқан аттай зымыран уақытта тоқтау болмаған екен. Одан бері арада алыс жылдан астам уақыт жел айдап көшкен бұлттай, көзді ашып жұмғандай өте шығыпты. Бір кездері асық атып, доп қуып, таймен шапқылаған Қалдыбай ініміз балалық, жастық шақтарының қайталанбас қызықты сәттерін қыр астында қалдырып, бүгінде 70 жасқа толып, көттө қария болыпты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дейді дана халқымыз. Олай болса желісін тартқалы отырған әңгімеміздің әлқиссасын кейіпкеріміздің ұшқан ұясынан, көрген тәлім-тәрбиесінен бастағанымыз жөн болар. Бозбала кезімізде Қалдыбайдың асқар тау әкесі

Төлмағанбет қарияны, асыл анасы Шәйі апамызды көзіміз көрді. Сөті түсе қалған күндерде қолдарына су құйып, ақ батасын алған абзал жандарды бірін көке, бірін апа деп есейдік. Үлкен өмірге сын көзбен қарап, он мен солымызды енді-енді тани бастаған кезіміз ғой. Сокпақты да сұржулі өмір өткелдерін кешкен көкеміз бен апамыз ел-жұртына қадірлі, шаңырағы шаттықты, отбасы берекелі, көсегелері баламен көгерген жандар еді. Күндерде белгі, жылдарда жазу, ғасырда танба қалады. 1906 жылы жарық дүние есігін ашқан Төлмағанбет көкеміздің жалын атқан жастық шағы аумалы-төкпелі, қиын-қыстау, қилы заман кездерімен тұспа-тұс келіпті. 1922 жылы сауатсыздықты жою мектебінен хат таниды. Ат жалын тартып, азамат болған соң кеңес өкіметінің жүргізген саясатына орай ұжымшарға бірігу науқанына белсене атсалысды. Ажал аузын арандай ашқан ашаршылық жылдары жасқа тән күш жігер, қажыр-қайрат танытады. Аштықтан қабырғасы қайысып, қайғы-қасіреттің уын ішіп, өмірден түнілген жандарға көл ұшын созады. Аңшылар бригадасын ұйымдастырады. Мергендердің атқан, қақпан, тұзаққа, ауға түскен аң, құс, балықтардың етімен аштыққа ұшыраған халықты ажал тұрпағынан арашалап қалады. Өмірдің ыстығы мен суығы ерте есейіп, құрыштай шынықтырған Көпешов Төлмағанбет көкеміз 1935 жылы «Еңбек» ұжымшарының құрылыс әрі сүт фермасын басқарады. Партия қатарына өтеді. Ұйымдастыру қабілеті мен ізденімпаз іскерлігі аудан басшылары тарапы назарынан тыс қалмайды. «Еңбек», «Жаңа жол» ұжымшарларының партия ұйымдарын басқаруға жіберіледі. 1940 жылы Шымкент қаласындағы ұжымшар қызметкерлерінің білімін көтеретін мектепте бір жыл оқиды. Осы мектепті бітіріп келген бетте еңбек адамдарының қолдауы мен «Еңбек» ұжымшарының төрағасы болып сайланады. 1942 жылы әскерге алынады. Осы жылдың аяғында ауыр жараланып, госпитальда да жарты жыл емделеді. Ауыр жаракаттан салдарынан ұрысқа қатысуға денсаулығы жарамсыз болған соң 1943 жылдың көктемінде елге оралып, «Еңбек» колхозында төраға, кейіннен қой фермасын басқарады. «Ынталы» су қоймасын салысуға белсене атсалысады. 1951 жылы іріленген Қарл Маркс атындағы ұжымшар болғанда шопан болады. 1957 жылы Калинин атындағы кеңшар атанғанда ата кәсіпті абыроймен жалғастырып, отардан отар өлгізеді. Көптеген орден, медалдардың иегері атанады.

Сол тұстағы бозбалалар үлкен кісілердің айтқан әңгімелеріне құлақ түріп жүруші едік. Төлмағанбет көкеміз көптің ор-

тасында отырып өзі өмірі жайлы айтқан үзік сырлы әңгімесі есімде қалыпты.

-1941 жылдың жаз ортасында Ұлы Отан соғысы басталды,- деп әңгіме желісін тартқан еді көкеміз,-Ауылдағы ер-азаматтың бәрі майдан даласының алғы шебіне аттанды. Ұжымшардағы қолмен атқарылатын барлық жұмыс еңкейген қарттар мен нәзік жанды аналарға, бозөкпе балаларға қарап қалды. Соғыстың аты соғыс екен. Қайғы-қасіреті жаныңды жабырқатқан күндер мен үйқысыз таң атырған түндер өтіп жатты. Арада ел-жұрттың есін алып, еңсесін езген бір жыл уақыт өтті. Мені майдан даласына шақырар емес. Аландай бастадым. Шыдай алмаған соң аудан орталығы Байқадамға жол тарттым. Аудандық комиссариаттың бастығы егде жастағы шені капитан, өзі сыпайы сөйлейтін кісі екен. Аман-саулық сұрасқан бетте:

- Мені майданға неге шақырмай жатырсыңдар? Өлде ер-азамат ретінде есепте жоқпын ба?-дедім.

Капитан жауабын кідірткен жоқ.

-Олай деменіз. Бізде аудан бойынша есепте тұрмайтын ер-азаматтар жоқ болмайды. Қазір анық-қанығын білеміз. Аты-жөніңіз кім еді?

-Төлмағанбет Көпешов.

Комиссар бір бума қағаздың ішінен бір парақты алды да, көз жүгіртіп:

-«Еңбек» ұжымшарының төрағасы екенсіз. Аудандық партия комитетінің нұсқауы бойынша сізді майданға шақырмай отырмыз. Тыл еңбеккерлерінің «Бәрі де майдан үшін, Жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек етіп жатқанын өзіңіз де жақсы білесіз. Тылдағы, ауылдағы қыруар, қарбалас жұмыстарға да сіз секілді іскер басшылар керек.

-Ел-елдігін жасай береді. Мен құралдайды көзге атқан мергенім. Жағадан алған жауларды нысалау жерде демалып отырып-ақ шалғы тиген шөптей баудай түсіремін, жандарын жаһанға жіберемін,-дедім.

Капитан күлімсіреп:

-Майданға бармай көңіліңіз тыныш таппайтын секілді. Аудандық партия комитетіне қатынас қағаз жібереміз. Келісім беріп қалар. Ұзақ жолға дайындала беріңіз,-деді.

Арада екі айдай уақыт өткенде әскер қатарына шақырылып, сарбаз жейдесін кидім. Алғы шепке жетіп, қанқұйлы соғысқа қатыстым. Адамның адамға оқ атқан сұмдықты көріп тұлабойын түршікті. 1942 жылдың аяғына таман сұрапыл, жан алып, жан беріскен, қиян-кескі ұрыстың бірнеше ауыр жараландым. Бірнеше айлар госпитальда емделген соң, әскери дәрігерлер елге қайтару жөнінде шешім қабылдады. Енді соғыс болмақсын, ұрпағымыз көрмесін деп тілеймін.

Көкеміздің осы әңгімесінен кейін соғыс дегеннің қандай болатынын білгендей болдық. Шәйі апамыз он перзентке өлемнің жарығын сыйлаған алтын құрсақты «Батыр ана» болды. Шаңыраққа шаттық сыйлап, тал бесікте тербетілген бөбектердің жетеуі шекелері торсықтай ұл бала болды. Көкеміз бен апамыздың Құдай берген жеті ұлы есейіп, ержеткен соң ел-жұртына танымал азаматтар сапына қосылды. Үлкен ұлы, бүгінде абыз ата жасына жеткен Кеңесбек ағамыз білім саласында жемісті еңбек етіп, ауданның бірнеше мектептерінде директор қызметін атқарды. Ұстаздардың ұстазы атанды. Екінші ұлы Қуанышбек ағамыздың қаржы саласындағы ерен еңбектері жарық жұлдыздай жарқырады. Талас ауданының Құрметті азаматы болды. Арқабайы автобаза кәсіпорнын басқарып, кейіннен аудан әкімдігінде мемлекеттік қызметтің тізгінін қакты. Әйтеуір жеті ұлдың осалы болған жоқ. Бәрі де өз мамандықтары бойынша еңбек еткен саланың «Сен тұр, мен атайын» дейтіндей майталмандары болды. Төлмағанбет көкеміз ырымшыл болған секілді. Бай болсын деген ниет-болғаны айдан анық. Кейінгі бес ұлдарының аттарын азан шақырып, Аралбай, Арқабай, Қалдыбай, Малдыбай, Қырықбай деп қойғанын Жаратқан Ие қабыл етсе керек. Бүгінде бәрі зейнет демалысында, балалы-шағалы, отбастары берекелі, бай-қуатты тұрып жатқан жайлары бар.

Қалдыбай ініміздің осындай ынтымақты, берекелі отбасынан тәлім-тәрбие алып, ұядан ұшқанда көргенін ілуі заңдылық та еді. Аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл Қалдыбаймен бетпе-бет жүздесіп, сырлы сұхбат құрудың да сабақты ине-дей сөгі түскен еді.

-1971 жылы Жанатас қаласындағы М.Әуезов атындағы орта мектептің сегізінші сыныбын бітірген соң мамандық алып, еңбек етуге ниет еттім,-деп бастаған еді ол әңгімесін,-Бұл ойымды өке-шешеме айтып, ақыл да сұрадым.

-Әке, мен бұдан әрі мектепке бармайтын шығармын. Мамандық алып, жұмыс істегім келеді,-дедім.

Әкем аң-таң қалған жүзбен қарап:

-Неге олай еткелі жүрсін? Кеңесбек пен Қуанышбек ағаларың «үнiстe» бітіріп, қызмет етіп жатыр. Арқабай ағаң да жоғары оқу орнына түсті. Сен де олай етпейсің бе?

Сөй-шешеме еркелеп өскенім бар, сөзімді өзілге бұрдым.

-Ағаларымның институт бітіріп, бастық болғандары жетеді ғой. Бір үйдің балаларының бәрі дөкей болу міндет емес шығар.

Сол жылы 65 жасқа толған әкем көңілдеу күліп:

-«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген. Сөз тауып кеттің. Сон-

да қандай мамандықпен жұмыс істемек ойың бар?-деді.

-Жолдың апшысын қуырып, желмен жарысқан шопыр боламын. Осы үйге қыс айларында жағатын отын, қорадағы малға жем мен шөп әкелетін бір машина керек емес пе?

Орамды ойыма, ұтымды жауабыма әкем риза болды-ау деймін.

-Мамандықтың үлкені мен кішісі, жақсысы мен нашары жоқ. Сүйген істің сүйініші көп болады. Ниетінді Жаратқан Ие қабыл етіп, мақсатыңа жет, балам,-деп ақ баталы сөзін айтты.

Бала жастан ойыма алған істі бітіргенше тыным таппайтын әдетім бар еді. Іркіліп, кідіргенім жоқ. №19 Байқадам кәсіптік-техникалық училищесіне құжат тапсырдым. 1973 жылы автокөлік жүргізушісі және механизатор куәліктерін қолға алдым. Аудандық мәдениет бөліміне жұмыс сұрай бардым.

Бөлім меңгерушісі Күздеубаев Мейрамбек аға:

-Алдымен таныс, біліс болайық. Кімнің баласысың?-деді.

Бала кезімізде әкеміз бен шешеміз «Үлкен кісілерге кездесіп қалсаңдар, сөлем беруді ұмытпаңдар. Ақ батасын аласыңдар» деп айтқан ақылын естіп, құлағымызға құйып өстік қой. Сөлем берген кісілеріміз «Таудай жігіт бол» деп ақ тілегін айтты. Кейбірі «Танымдық, кімнің баласысың?» деп сұрап қалады. Сонда мен іркілмей «Көпешов Төлмағанбеттің бесінші ұлымын» дейтінмін. Сол әдетіммен Мейрамбек ағаға да:

-Көпешов Төлмағанбеттің бесінші ұлымын,-дедім.

-Е, өзіміздің Төкеңнің баласы екенсің ғой. Өке-шешен аман-есен, бақуатты ма?

-Бәрі жақсы, аға.

-Автоклуб көлігін жүргізесің. Бұйрықты бүгін беремін. Еңбек жолының тырнақалды тұсауын да мен кесіп отырмын. Ұзақ жолда сәттілік тілеймін.

-Рахмет, аға. Сеніміңізді ақтаймын,-дедім.

Автоклуб жұмысы мен үшін көңілді әрі қызықты болды. Жылдың он екі айында тыным болмайды екен. Таң атты, күн батты деп уақытпен санаспаймыз. Біздің жұмыс сапарларымыз көбінесе елді мекендер мен малды ауылдарда өтуші еді. Атап айтқанда күзгі күйек алу, қысқы мал қыстату, көктемгі төл қабылдау кездерінде малшыларға кино қойып, мәдени қызмет көрсетеміз. Жаз айларында дала қостары мен шабындық алқаптарында егін жинау мен қоғамдық малға жем-шөп өзірлеп жатқан механизаторларға да мәдени қызмет көрсету абыройлы міндетіміз болды. Үнемі алғыс аркалап жүреміз. Арада жылға жуық уақыт өтпей Мейрамбек аға қызмет бөлмесіне шақыртты. Сөлем бере барғанымда мен күтпеген жаңалықты айтты.

-Қалдыбай, саған ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Райымов Балтабай ағаң «құда» түсіп жатыр. «Ұзынқұлақтан тындырымды жігіт деп естіп жатырмын. Рұқсат етіп маған жібере көріңіз. Шопырым болсын» деп жатыр. Бұл шақыруға қалай қарайсың? Барасың ба?

-Білмеймін, ойлану керек шығар.

-Ойланып, толғанатын ештеңе де жоқ. «Шақырған жерден қалма» деген. Барғаның жөн.

Сөздің тоқтатып алынған соң екі-үш күн ішінде Балтабай ағаның қызметтік «Ұаз» көлігінің шопыры болып шыға келдім. Бұл кісінің қарамағында айға жуық қана жұмыс атқардым. Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Ресейдің Хабаровский край өлкесінен бірақ шықтым. Сол тұста әскерге барған жастар арасында мамандығы барлар аз болушы еді. Аты-жөнін ұмыттым. Мені полк командирі өзіне шопыр етіп алды. Екі жылғы әскери борышымды осы кісінің қарамағында өткіздім. Табиғаты қатаң, суық өңір екен. Оңтүстіктің жылы жерінен барған мен секілді сарбаздарды аязды, боранды күндері шалғының жүзіндей

шыңдады. 1979 жылдың күзінде отан алдындағы әскери міндетімді абыроймен атқарып, елге оралған бетте Байқадам жұмысшылар кооперациясының төрайымы Досжанова Алтын төте өзіне шақыртты. Көңілді қарсы алған төтем:

-Ел-жұртына қадірлі өкең мен анаңды өте жақсы танимын. Тонның ішкі бауындай сіз-біз десіп сыйласып, дәм-тұзас болып араласып жүрміз. Енді арнайы шақырғандағы шаруамды айтайын. Өзінді әскерден келгенінді күтіп отырғандай жайым бар. Қызметтік көлігіме жақсы шопыр керек болып қалды. Қалауым саған түсіп отыр,-деді.

Қарсы сөзге келгенім жоқ.

-Жарайды, төте,-дедім.

Ертеніне еңбек кітапшама көз жүгірткен Алтын төтем таң қалғанын жасыра алмады.

-Қалдыбай бауырым, сен тектінің ұрпағы екеніңді танытып жүр екенсің. Полк командирінің шопыры болу екі қазақтың бірінің баласының қолынан келе бермейді. Жарайсын, орысша «настоящий человек», қазақша «нағыз жігіт» екенсің. Енді төтенің көлігін ұршықша иір,-деді көңілді де жарқын үнмен.

Сонымен Алтын төтенің қызметтік «Москвичінің» тізгінін үш жыл қактым. Орайы келгенде айта кеткен жөн. Алтын төте мейрімді, жақсылық жасауға асығып тұратын, тауып та, қауып та айтатын шешен, іскер, қажат жерінде адуынды басшы болғанын көзіміз көрді. Бір күні қызмет бөлмесіне кірсем Алтын төтем көңілсіздеу отыр екен.

-Қазақ десе бәрімізге тиеді. Өзі бір автобаздың білдей бастығы. Қарамағында жүзге тарта шопыры бар. Мұстафин Мәжит ағаны айтып отырмын. Көзі саған түсіпті. «Волгамды» айдасын деп сені сұратып жатыр. Жиырма жас үлкендігі бар ағаның базынасын елемеске тағы болмайды. Сол кісіге барғаның жөн,-деді.

Байқадам автотранспорт мекемесінің басшысы Мұстафин Мәжит ағаның «Волгасын» екі жыл айдадым. Көп күндердің бірінде Мәжит аға:

-Енді жүк көлігін жүргіз,-деп «ЗИЛ» автокөлігінің кілтін табыс етті.

Үш жыл өткен соң қуатты жүк көлігі «КамАЗ»-ға тақым бастым. 1983 жылы жазиралы жаз айында басшымыз Мәжит аға жыын өткізді.

-Жоғарыдан Қостанай облысында бітік шыққан егінді жинауға атсалысу жөнінде тапсырма алып отырмыз. Оннан аса «КамАЗ» автокөлігін қос тіркемесімен жіберуіміз керек. Қане, кімдер барғысы келеді?

-Мен барамын,- деп алғашқы жүргізушілердің бірі болып ниет еттім.

Сонымен оншақты «КамАЗ» автокөліктері Қостанай облысының Жетіқара ауданына жол тарттық. Шірікін, қазактың дархан кең даласы-ай десенізімі. Бітік шыққан егін белуардан келеді. Үш ай егін орағына атсалысып, ел мен жер көріп ауылға оралдық. Кеңес өкіметі ыдырап, өтпелі кезең келгенде жеке иелігіндегі «КамАЗ» автокөлігімен халыққа қызмет еттім. Аудандық жер қатынастары бөлімінде жүргізуші бола жүріп 2019 жылы зейнет демалысына шықтым. Еңбектен әлі қол үзгенім жоқ. «КамАЗ» автокөлігімен халыққа қызмет көрсетуді жалғастырып келемін. Құдай қосқан қосағым Сәдібекова Құлжан екеуіміз үш ұл тәрбиелеп, максаттарына жеткіздік. Бүгінде жаннан төтті он немеренің атасы мен әжесі атанып отырмыз. Мен 1956 жылдың 1 қаңтар күні жарық дүние есігін ашыппын. Жаңа жылды қарсы алған ел-жұрт менің туылған күнімді бірге тойлап жатқандай болады.

Полк командирінің шопыры болған Қалдыбай ініміз әсерлі әңгімесін осылайша әзіл-қалжыңмен аяқтады.

**Темірлан ӘБІЛДАЕВ,
ардагер журналист**